



Р.С. Қожабекова

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Алматы, Қазақстан
*Байланыс үшін автор: uarda@inbox.ru

Абай және Шауқи шығармаларындағы даналық

Аңдатпа. Мақалада қазақ әдеби тілінің негізін қалаушы ақын Абай Құнанбайұлы мен қазіргі заманғы араб әдебиетінің негізін қалаушы ақын Ахмед Шауқидің шығармаларындағы даналық тақырыбы мазмұндық тұрғыда талданған. Талдау барысында ақындардың туындыларындағы басты тақырыптар мен ой-пікірлер сараланған. Абай шығармалары тікелей, ал Шауқи шығармалары араб тілінен қазақ тіліне аударыла отырып, зерделенді. Зерттеу барысында Абайдың “Өсемпаз болма әрнеге”, “Ұстаздық қылған жалықпас”, “Жасымда ғылым бар деп ескермедім”, ал Шауқидың “Туған жерге оралу”, “Ніл алқабындағы ірі оқиғалар”, “Мұғалімге тағзым ет” шығармаларына қатысты ой-пікірлер мен зерттеулер қарастырылып, оларға тұжырымдар жасалынды. Абай мен Шауқи шығармалары олардың жан-дүниесі болмыстың барлық алуан түрлі мағыналарын ашуға тырысады және олардың қай жерде болмасын көркемдік сипаттары айқын көрсетіледі. Олар әрдайым ақиқат пен кемеңгерлікті іздейтін және Жаратушы берген ең жақсы қасиеттердің болуын қалаған пікірлерге және әртүрлі тұжырымдарға қатысты ой-өрісі кеңейген дана ақындар болып қала береді.

Кілт сөздер: Абай, Ахмед Шауқи, даналық, поэзия, салыстыру тәсілдері.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2022-140-3-181-190>

Кіріспе

Қазақтың бас ақыны Абай Құнанбайұлы өлеңдері мен қара сөздеріне өзі өмір сүрген дәуірдің тыныс-тіршілігін, қоғамдық өмірін, халықтың мұң-мұқтажын, моральдық мәселелерді арқау еткен. Құнанбайдың ел басқару ісіне Абайды ерте араластыруы, Абайдың халықтың сөз қазынасына молығып, шешендік

өнерге төселіп, ел арасының әрқилы сөзіне қанығып өсуіне әсері тиді. Абай шығармаларының өмір шындығынан туындаған саяси-әлеуметтік сарынын дөп басып дәл тану үшін, ұлы ақын өмір кешкен әлеуметтік орта мен ол араласқан мәдени, рухани қазына көздерін оқып, білуіміз қажет.

Абаймен сарындас “*امير الشعراء*”, “*Ақындар ханзадасы*” атанған мысырлық ақын Ахмед

Шауқи (1868-1932) де өз заманының жанашыры болған дана ақын. Шауқидың отбасы Мысырлық хедивпен жақын қарым-қатынаста болғандықтан, ол бала кезінен Аббас II сарайында өмір сүреді. Сол себепті де ақын бала кезінен қоғамдық мәселелер мен саяси жағдайлардың куәгері болады. Сыншылар Шауқидің сараймен байланысы және оның өнеріне әсері туралы өз пікірлерінде әр түрлі көзқараста болды. Олардың біразы оны сарайда хедивтің қарамағында өмір сүргендіктен, оның шығармалары көбіне сарай ақыны ретінде мадх жанрында жазылып, сұлтанның шектеулерімен шектелген десе, ал кейбіреулері егер де сарайда өмір сүріп, билікті осыншама жақын көрмесе, оның өнері осыншама талғампаз болмас еді деп мәлімдейді [1].

Даналық – адамзаттың сан ғасырлар бойғы таным процесі мен өмірлік тәжірибесі негізінде жинақталған рухани білімді игеріп, оны ұрпақтан ұрпаққа ұлағатты ой-пікір, ізгі әрекеттер түрінде жеткізе білетін адам қасиеті, тұлғаның тиімді анализбен, адамдар өміріндегі түрлі оқиғаны алдын-ала жобалауымен және бағалауымен байланысты интеллектуалдық дамуының ең жоғары деңгейі. Ол болып жатқан оқиғалар туралы ақпаратты өңдеу мен бейімделуге тікелей байланысты. Сонымен бірге даналық интеллектуалдық жетілудің ерекше жағдайы ретінде танылады.

Даналық терминінің араб тіліндегі мағынасына тоқталар болсақ, сөздіктерде ол “*حُكْمٌ*” егістігінен шыққан және оның негізгі мағынасы “дана болу” екендігі көрсетіледі. Араб тіліндегі дереккөздерде “хикма” сөзі белгілі және белгісіз халде Құран Кәрімде 20 рет кездесетіндігі айтылады.

Қасиетті Құран Кәрімде (*آيَاتِكَ وَيُعَلِّمُهُمُ الْكِتَابَ* [سورة البقرة: 129] رَبَّنَا وَإِنَّا فَتَنَّا رَسُولًا مِنْهُمْ بَيِّنَاتٍ عَلَيْهِمُ [2]. وَالْحِكْمَةَ وَيُرَكِّبُهُمْ إِنَّكَ أَنْتَ الْعَزِيزُ الْحَكِيمُ

Қазақ тіліндегі аудармасына келер болсақ, “Раббымыз, олардың арасына өздерінен болған, оларға аяттарыңды оқып беретін, Кітап пен *өсиеттерді* (Құран мен хадистерді) үйрететін және оларды тазартатын бір пайғамбарды жіберген. Әлбетте Сен күш-құдірет пен даналық Иесісің” (Бақара сүресі: 129). Аудармада көріп отырғанымыздай, “әл-хик-

ма” термині “өсиеттер” деп аударылған. Сондай-ақ, “әл-хикма” сөзі Құранның әр түрлі аяттарында “кітап” сөзімен байланыстырылып, қолданылады. Келесі аят оған мысал бола алады: *مَنْ فَضَّلَهُ فَقَدْ آتَيْنَا آلَ إِبْرَاهِيمَ الْكِتَابَ وَالْحِكْمَةَ* [النساء: 54] *أَمْ يَحْسُدُونَ النَّاسَ عَلَى مَا آتَاهُمُ اللَّهُ مِنْ فَضْلِهِ فَقَدْ آتَيْنَاهُمْ (وَأْتَيْنَاهُمْ مَلَكًا عَظِيمًا)* . Қазақ тіліндегі аудармасында “*Немесе олар, Алланың өз кеңшілігімен адамдарға бергенін қызғана ма? Расында Ыбырайым (Ғ.С.) ның жұрағатына Кітап, хикмет және зор патшалық берген едік*”. (Ниса сүресі: 54) [2]. Демек, Құран Кәрім аяттарында байқайтынымыз, “хикма”, яғни даналық сөзінің мағынасы өте терең, әрі қолданылу аясы да өте ауқымды.

Осындай қасиеттердің бірі даналыққа тән. Даналық үнемі өткенге көз тастап, тарихқа үңілумен болады, адамның, қоғамның, халықтың қазіргі күйін өткен шақ және болашаққа қарап, салыстырады, сынайды. Даналық – философия негізі. Басқа ғылым түрлері тәрізді философиялық ілімдер де даналықтан бастау алады. Сократтың “*Менің білетінім – өзімнің ештеңе білмейтіндігім, өзгелер оны да білмейді*” деуінде үлкен мән бар. Білмейтінін біліп, түсінуге, әлем ақиқатын танып, ой түйуге ұмтылу – адамды рухани кемелдікке, данышпандыққа бастайтын жол. Бұл жол-даналық философиясы. Оны біз Әл-Фарабиден, Конфуцийден, Сократтан, Достоевскийден, Толстойдан, Ыбырай мен Абайдан, Шауқиден, таба аламыз.

Даналық философияның түпкі мәні. Сократтың айтуынша, даналық деген дүниені, өзінді басқаларды түсіну, бәріне де түсінікпен қарау. Түрлі дәуірлердің талғам-таразысына, талап шарттарына төтеп беріп, заман ағымына өзінің қалың қатпарлы ой-толғамдарымен, даналық, даралық сипаттарымен жауап бере білген қазақтың бас ақыны Абай мен Мысырлық ақын Шауқи шығармашылықтары бір жарым ғасырдан астам уақыттан бері әркез зерттеу объектісі болып келеді. Осындай көп уақыттан бері зерттеліп келе жатқанына қарамастан екі ақынның шығармашылығына қатысты қамтылмаған түрлі тақырыптар әлі де жетерлік. Кезеңдік жағынан қарастырар болсақ, Абай мен Шауқи 19 ғасырдың соңы

мен 20 ғасырдың басында өмір сүрген, таны- мал ақындар. Олардың шығармашылығында ортақ ұқсастықтар көптеп кездеседі, солар- дың бірі даналық тақырыбы.

Зерттеу әдістері

Зерттеу барысында келесі әдістер қолда- нылды: талдау, қазақтың бас ақыны Абай мен мысырлық бас ақын Шауқи поэзиясындағы даналық тақырыбын зерделеу үшін, ақын- дардың өмірбаянымен, шығармашылығымен жете таныса отырып салыстыру үшін, салы- стырмалы-салғастырмалы әдіс, ғылыми зерт- теу жүргізудегі негізгі әдіс-тәсілдер қолданыл- ды.

Зерттеу барысында келесі материалдар қолданылды: Мұхтар Әуезов, Абай Құнанба- ев, Ахмад Шауқи, Шауқи Дайф және т.б. әде- биетші ғалымдардың еңбектері.

Абайды “қазақтың бас ақыны” деп бағала- са, ал Шауқи “Ақындар әміршісі” лақап атымен танымал. Шындығында, Абай да, Шауқи да – қазақ және араб әдебиеті тарихында теңдесі жоқ суреткер ақындар. Қазақтың кемеңгер ақыны Абай және мысырлық дара ақын Ша- уқидың шығармалары көптеген тілдерге ау- дарылып, дүниежүзіне кеңінен тараған. Екі ақын есімінің адамзаттық өреге көтерілгенді- гінің белгісін өзекті мәселе деп білеміз. Мақа- ланың зерттеу нысаны болып, жалпы Абай және Шауқи жайлы монографиялар мен ғылыми еңбектер болса, ал зерттеу пәні ретін- де екі ақынның өмірі мен шығармашылығына байланысты бірқатар зерттеу еңбектері мен олардың өлеңдер жинағы болып табылады. Зерттеуіміздің мақсаты болған Абай мен Ша- уқи өлеңдеріндегі даналықты зерделеу үшін келесі міндеттер қойылды:

- Абай және Шауқи өмір сүрген кезеңге тоқталу;
- Ақындар шығармашылығын зерделеу, ақындық ерекшеліктерін айқындау;
- Салыстырмалы талдау ретінде Абай және Шауқи өлеңдеріндегі даналық тақыры- бына байланысты негізгі бағыттарды зерде- леу.

Талқылау

Абай Құнанбайұлы ойшыл, ақын, ағар- тушы, ұлттың жаңа әдебиетінің негізін қа- лаушы, аудармашы, композитор ретінде ел тарихында өшпес із қалдырғаны сөзсіз. Прези- дентіміз Қ.Тоқаев “Абай және ХХІ ғасырдағы Қа- зақстан” атты мақаласында “Оның шығармала- рында ұлт болмысы, бітімі, тұрмысы тіршілігі, дүниетанымы, мінезі, жаны, діні, ділі, тілі, рухы көрініс тауып, кейін Абай әлемі деген бірегей құ- былыс ретінде бағаланды”, – дейді. Қ.Жұбанов ай- тқан екен: “Абай – жағдайының жағдайсыздығы тудырған, басып тұрған қараңғылық ішінен келер таңның шолпаны болып елестеп, тұнып тұрған тымырсықта келер дауылдың дауылпазы болып күңіренген адам. Бұл – өз ортасының Дантесі си- яқты. Бірақ Данте – ескінің соңы, жаңаның алды еді. Орта дәуір мен ояну дәуірінің аралығындағы көпір еді”.

Тарихи деректерге сүйенер болсақ, Абай әкесінің қасында болған жылдарда би-болы- стардың қулық-сұмдықтарын, қазақ даласы- на ыдырай бастаған феодалдық-рулық қаты- настардың кереғар қайшылықтары кіріптар еткен әлеуметтік теңсіздіктің зардаптарын, аштық пен жалаңаштықты, патриархалдық, кертартпа салт-сана, әдет-ғұрып заңдарының залалдарын айқын түсінді. Патша үкіметінің отаршылық саясаты мен парақор орыс әкім- дерінің жергілікті би-болыстардың арамза әрекеттерін айнытпай танып, көкірегінде жиркеніш сезімі оянып, соларға қарсы күре- суге бел буды.

“Өлмейтұғын артына сөз калдырған...” – дей- ді. “Адам өлмес” дегеннің мағынасы өзі өлсе де, кейінгіге сөзі, айтқан ойы калады деген пікір- ге саяды. Абай “Өлең сөздің патшасы” өлеңін- де “сөз түзелді, тыңдаушы сен де түзел!” – деп жұртшылықтан ақындық сөзге зор маңыз беріп қарауын, поэзияның жоғары қоғамдық міндетін түсіне білуін талап етті. Жаңа таным- ның баурап аларлық күшін, жаңа ақындық сөздің құнын әрбір адамның тани алатынына қазақ өмірінің сол кездегі жағдайында толық сенім арту қиын да еді. Абай оны жақсы түсін- ді, мұны оның “Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін” деген өлеңіндегі мына шумақтар толық

дәлелдейді: ...*“Шу дегенде құлағың тосаң-сиды, Өскен соң мұндай сөзді бұрын көрмей”.*

Барша әлемге өзінің даналығын дәлелдей білген Абай – дана адам. Абай үшін даналық сипаты – адам мен уақыт, өнер мен қабілет, түсінік пен іс-әрекет бірлестігі. Абайдың да, қазақ халқының да даналығы табиғаттанудағы, адамтанудағы, өнер табудағы, ағартушылықты жетілдірудегі ойшылдықтан, талпыныстан құралды. Абайдың көптеген өлеңдері мен прозалық шығармаларында *“... адам мен адамгершілік, ұждан, мораль философиясына төтелі қатынасы бар, толып жатқан бөлек-бөлек бір көлемді, әрі сапалы ойшылдық пікірлері бар екені даусыз”* [3]. Абайдың кептеген өлеңдерінде терең философиялық ойлары, табиғатқа, болмысқа көзқарастары, таным, ақыл, сана сынды жайлы толғаныстары көрініс тапқан: *“Өлсе өлер табиғат, адам өлмес”, “Көк тұман – алдындағы келер заман”, сондай-ақ “Қара сөздері”* – ақынның философиялық көзқарасының мәйегі, сөзінің мәні мен тұжырымдарының тереңдігі жағынан ұлттық мәдениет шегінен әлдеқайда асып түсіп жатқан маңызды мұра.

Абайтанушы Ж.Молдабеков *“Абай қазақ бейнесі мен болмысын тереңірек тануға мүмкіндік ашқан сайын, оның түйгені де түпкілікті болды”,* – дейді. *“Ақыл керек, іс керек, мінез керек”; “ары бар, ақылы бар, ұяты бар»* кісіден гапыл қалма; *«сөзіне қарай кісіні ал”; “шын сөз қайсы біле алмай, әр нәрседен құр қалма”;* түпсіз сөздерге еріп *“надандарға бой берме”.* Шыншылдың *“сөзін оқы және ойла, тез үйреніп тез жойма”.* *“Жақсыға айтсаң, жаны еріп, Ұғар көңіл шын беріп”* деп Абайдың халқын даналыққа бастауы да кездейсоқ емес.

Ахмед Шауқи *“Амир әл-Шуара”,* (сөзбе-сөз – *“ақындар ханзадасы”*) лақап атымен танымал мысырлық жазушы, драматург, ағартушы, аудармашы, жаңа заманғы араб әдебиетінің негізін қалаушы танымал ақын. Ахмед Шауқи – Мысырдың ғана емес, сонымен қатар араб және батыс әлемінің ең көрнекті заманауи ақындарының бірі.

Ол – Мысыр елі халық арасынан өзінің рухани өкілі етіп таңдаған адам сынды. Соның арқасында ғана Мысыр тарихта *“менің поэзи-*

ям, менің әдебиетім!” деп із қалдыра алады. Шауқи – күннің шығыстан шыққаны секілді әдебиетке қатысты есім: күн ұясынан көтерілген сайын, сәулесі барлық жерге төгіледі, ал оның есімі араб әлемінде аталған кезде мағынасының ауқымы Ніл, пирамидалар, тіпті Каирмен бірге бүкіл Мысырды көрсетуде қатар қолданылады. Адам өмірі жастық, ересектік және кәрілік кезеңдерден өтеді, бірақ шынайы жазушы жастық, ересек және жастық кезеңін қайта бастан өткізеді, өйткені ол нақты поэтикалық мақсаттарға жету үшін өмір сүреді [4].

Доктор Мухамед Хусейн Хейкал *“Әш-Шауқият”* кітабының кіріспесінде былай деп жазады: Шауқи Египетте оқыды, сол жақта оқуын аяқтады және оған еуропалық ақпарат құралдары, өмір салты мен поэзия едәуір ықпал етті. Бұл әсер оның өмірінде де, поэзиясында да көрініс тапты, және оның поэтикалық жинағының жеке бөліктерін қарап отырып, олардың екеуі де поэзияның жоғарғы деңгейлеріндегі ақындар, ал екеуі де Мысырға деген сүйіспеншілігі қасиеттілік пен ғибадат деңгейіне дейін жайылған мысырлықтар екенін санамағанда, сіз оның екі түрлі адам екенін сезінесіз. Сонымен қатар, екі адамның әрқайсысы бір біріне ұқсамайды. Бірі – жаны иманға толы сенуші, мұсылмандардың бауырластығын қасиетті етіп, Халифат мемлекетін қасиетті ететін мұсылман, оның ішіндегі істер мен оқиғалар өлең мен шабыт ретінде көрініс тапқан. Ол даналықты өмірдің негізі және тірегі ретінде қарастыратын ақылды адам. Ол араб тілі әрбір бейнені, мағынаны, идеяны және қиялды сыйғызады деп пайымдайтын консерватор. Екіншісі – өмірдің ләззаты мен бақыты ретінде үлкен үміттер мен мақсаттарды көретін әлемдік адам. Ол – жан дүниесі адамгершілікке толы төзімді адам, адамдар мен олардың ұмтылыстарын қамтитын мақсатшыл адам және тілдегі сөз байлығы мен ой-өрісі жағынан жаңашыл адам [1].

Мың жыл ішінде Шауқиға ұқсас ақын туған жоқ [5]. Философ Мансур Фахмидің айтуы бойынша, Шауқи өзінің өлеңдерінде ғылымнан, тарихтан, қоғамдық өмірден және адамның өзіндік ерекшеліктерінен алынған тұтастықты біріктіргісі келді. Ол *“поэзия –*

ата-ананың; тарихтың және табиғаттың ұлы” деп айтатын. Ол өз еңбектерінің бірінде: “Егер поэзияда естеліктер және эмоция немесе даналық болмаса, ол жай рифма мен ритмдерден басқа ештеңе емес” деп жазады. Тұтастыққа деген философиялық үрдіске сүйене отырып және осы стильде поэзияны қалыптастыра отырып, Шауқи ұлылықтағы көркемдікті, әділеттіктегі даналықты және философияны көптеген мысалдармен көрсетіп, салыстырмалы түрде әлеуметтік өмірді, аскетизмді және діндарлықты ашты [6].

Дара тұлғалар Аллахтан дарыған қабілеттері арқылы айналасымен тіл табыса отырып, төңірегіндегілердің әрқилы мүддесі мен мұратының басын қосып, өзінің ішкі толғанысы арқылы оны мақсат пен талпынысқа жұмылдырады, сонымен қатар сол қоғамның бойына жиған қуат-күші мен мүмкіндігін аша отырып, оның ары қарай даму жолдарын көрсетіп берген тұлғалар – Абай және Шауқи. Екі ақынның да өмір сүрген кезеңдеріне тарих арқылы қарайтын болсақ, елдегі қоғамдық қайшылықтардың шиеленісуі мен отаршылдық езгіні басынан кешірген сол дәуірдің тумалары.

Екіншіден, Абай да, Шауқи да өздері жасаған қоғамдық ортадағы адамдардың бойын жайлаған ауыр дерттер мен сол дертке шалдықтырып отырған ірілі-ұсақты қоғамдық себептерді және соның салдарынан күллі қоғамды жайлаған рухани азғыншылықты танып біліп, оны шығармалары арқылы көрсете білген.

Үшіншіден, екі ақын да өз ұлтын ұйқыдан, нағандықтан оятып, береке-бірлікке шақыра отырып, олардың көкірегіне нұр құйып, жер бетіндегі мәдениетті елдердің қатарынан орын алуы үшін ғұмыр бойы күресіп өткен данышпан даналар.

Төртіншіден, Абай да Шауқи да формасы басқа болса да әр қайсысы өз шығармаларында тастан қашап жасалғандай не бір тамаша көркем образдар жарату арқылы өз кеуделерінде пайда болған терең идеялар мен қилы сезімдерді солардың басына жинақтап, кейінгі ұрпаққа мәңгі өшпес мұра қалдырған суреткерлер.

Қазіргі кезде абайтанушы ғалымдар ақынның жан-жақты қырларын қарастырып жүргендей, Шауқиді зерттеушілер де оның шығармашылығының әрқилығын тереңнен зерделеуде.

Екі ақынның шығармашылығын зерттей отырып, олардың өлеңдеріндегі даналық тақырыбын қарастырудың маңыздылығын байқадық.

Ақындар өз шешендіктерін мұра етіп алып, даналықтарын жинап, оларды келесі дерек көздерінен іріктеп алды:

1. Оның кең мәдени ортасы негізін қалаушылардан және олардың избасарларынан оқу, танысу және білу арқылы мұраға қалды.

2. Ұзақ өмірлік тәжірибесі арқылы ол қоғамның барлық қабаттарымен араласып, жаттану мен тұрақтылық арасында ауытқып отырды.

3. Қоғамындағы саяси және интеллектуалды қақтығыс.

Дана Абайдың шығармашылығының басым бөлігі “жұмбақ мәтіннен құралғандығы” баршаға мәлім, себебі қанша уақыт өтсе де, дана ақынның әр сөзінің астарынан терең мағыналар ізделініп, әлі де зерттелуде [7]. Абай поэзиясын сипаттайтын болсақ, ол “сырты күміс, іші алтын, айналасы теп-тегіс жұмыр келіп, бірыңғай келісім тауып” тұрады.

Өмірді оқушыларына үйретуші, танытушы ұстаз Абайдың шығармалары даналыққа толы. Кез келген қазақ баласы жатқа білетін Абайдың “Әсемпаз болма әрнеге” өлеңінің:

Әсемпаз болма әрнеге,

Өнерпаз болсаң, арқалан.

Сен де - бір кірпіш, дүниеге,

Кетігін тап та, бар қалан! [8] – деген алғашқы шумағы арқылы, әрбір адам баласына “өмір” табалдырығын аттаған соң, өз орнын табуға талпыныс жасап, еңбектену керектігін ұғынамыз. Шығыстанушы Ы.М. Палтөре осы шумақтағы “Сен де бір кірпіш, дүниеге, // Кетігін тап та, бар қалан!” дейтін өлең жолдарын Мұхаммед пайғамбардың айтқан хадистерімен байланыстырып, Абай айтқан ой-пікірдің бастауы – Құран және хадис мәтіндеріне негізделеді деген пікірді алға тарта отырып, оған дәлел ретінде Мұхаммед пайғамбардың

төмендегі хадисімен байланыстыра талдау жасайды:

“Мені мен (маған дейінгі) пайғамбарлардың мысалы бір кісінің құрылыс салып, оны әдемілеп, көріктендіріп, тек бұрыштарының бірінде бір кірпіш сиятын кетік қалдырып кеткеніне ұқсайды. Оған адамдар келіп айналып көріп, таңырқап, әлгі (құрылыс салға) кісіге: *әттең, мына кетікке бір кірпіш қойсаң ғой деседі. Расында сол кетік – менің орным. Сондай-ақ мен пайғамбарлардың ең соңғысымын*”, – дегені айтылады. Бұл хадис мәтінінде пайғамбар өзін ең соңғы кетікті жабатын бір кірпіш бейнесінде суреттейді. Хакім Абай осы айтылғанды интерпретациялап, оқырманға пайғамбар өмірін үлгі-өнеге етіп, бұл дүниедегі әрбір адамды кірпішке теңейді. Абай әрбір адамды бұл дүниеде “*Сен де бір кірпішсің*” деу арқылы оның мойнына жүктелген міндеттің ауырлығын сезінуге, түсінуге үндейді. Сондықтан оқырманға уақытыңды босқа жібермей, өз орныңды тауып, жүктелген міндетті атқар дегенді ақын “*Кетігін тап та, бар қалан!*” деп береді [9]. Осы зерттеулерді негізге ала отырып, ақынның бұл өлең жолдарында дана ақын ең алдымен діндарлыққа, өнерге, білімге, биік адамгершілік қасиеттерге баулитынын көреміз.

Осы өлеңнің келесі:

Ақырын жүріп, анық бас,

Еңбегің кетпес далаға.

Ұстаздық қылған жалықпас,

Үйретуден балаға[8], – деген бір ғана шумағы арқылы қазақ халқының бойына сіңген ұстазға деген қадір-құрметті данышпан Абай айтылуы қарапайым, мағынасы терең сөздермен жеткізгенін мойындауымыз керек. Бұл жолдарда білімге деген құштарлық, тынымсыз еңбек пен талпыныс, тәлім-тәрбие жатыр. Сондай-ақ дана Абай “*Адамның адамшылығы – жақсы ұстаздан*” деген жолдар арқылы да шәкірт пен ұстаздың арасындағы байланысты сабақтастыра жеткізеді. Он тоғызыншы сөзінде: “*Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады*” – дей келіп, әрбір адам ба-

ласы тіршілігінде білуге, үйренуге талпыну қажеттігіне ерекше көңіл бөліп қана қоймай, еңбектеріңде ойларын саралап, жіктеп көрсетуге мән берген. Ал мына бір өлең жолдары арқылы дана Абай өз өкінішін білдіре отырып, артындағы ұрпағы қайталамасын деп, ұстаз ретінде шәкірттеріне жол сілтейді:

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,

Пайдасын көре тұра тексермедім.

Ержеткен соң түспеді уысыма,

Қолымды мезгілінен кеш сермедім [8], – деген кемеңгер ақынның бұл өлеңіндегі басты идеясы – жастарды білім алуға, шынайы зерделі де терең ғылымға шақыру. Абайдың жетінші сөзінде “... *құмарланып, жиган қазынамызды көбейтсек керек, бұл жанның тамағы еді*”, – деген жердегі “*жанның тамағы*” деген сөз тіркесінің философиялық ұғым екені белгілі. Біздің пайымдауымызша, Абай бұл ұғымды адам санасынан бөлек өмір сүретін ерекше құбылыстың әсер етуі арқылы пайда болатын ғылым, білімнің жинақталған қоры ретінде қарастырады.

Абайдың қара сөздері оның даналыққа толы дүниетанымын көрсететін шығармасы болып табылатыны сөзсіз.

Абаймен сарындас мысырлық ақын Ахмед Шауқиға тоқталар болсақ, ол да әрдайым халқының қамын, болашағын уайымдап жүретін, қандай шығарма жазса да ішкі сырын, тамырын қармай жазатын дана ақын. Араб тіліндегі тарихи деректерде, 1914 жылы ағылшындар Шауқиді Андалусиядағы Оңтүстік Испанияға жер аударуға мәжбүр етті, ақын ол жерде 1920 жылға дейін болады. Келесі шумақтар – оның туған жеріне оралғаннан кейінгі алғашқы өлеңінен таңдалған жолдар:

ولیس بعامر بنیان قوم ، إذا أخلاقهم كانت خرابا
وإن المجد في الدنيا رحيق ، إذا طال الزمان عليه طابا
ويا وطني لقيتک بعد یاس ، کانی قد لقيتک بشبابا
[10] ولولا البر لم یبعث رسول ، ولم یحمل إلى قوم کتابا

Шарықтамаса, халықтың жасағаны,

Адамгершік белгісінің жоғалғаны.

Атақ-даңқ бейнебір шарап тәрізді,

Уақыт өте дәмі де жақсарады.

Елім, сені торыңудан соң жолықтырдым,

Өзіңмен жастық-шақты бірге өткіздім.

Пайғамбарлар қайырымдылыққа жол бастаған

Қасиетті кітаптарға иман келтірдім.

Бұл шумақтарға зер сала қарайтын болсақ, ақынның туған жеріне, еліне деген құрмет пен сүйіспеншілігін көреміз. Қарапайым шумақтарда терең ойлар мен өткір даналық жатыр. “Шарықтамаса, халықтың жасағаны, // Адамгершік белгісінің жоғалғаны” деген бастапқы жолдарды зерделей келе ешбір өркениет- негізі мен құндылықтары болмаса орнай алмайтынын, ешқандай ұлт абыройсыз атақ-даңқ пен мәртебеге ие бола алмайтынын ұғынамыз. Шауқи қарапайым сөздер арқылы өлеңге қарапайым халықтық сипат пен әлеуметтік астар беруге ұмтылады. Сондай-ақ, “Атақ-даңқ бейнебір шәрбат тәрізді, // Уақыт өте дәмі де жақсарады” деген жолдарда ақын “Атақ-даңқты” дәмді “шарапқа” теңей келе, оның қандай қиындықпен келетінін, әрі оған шектен тыс құмартпауды да параллель күйде жеткізеді. Біздің пайымдауымызша, келесі жолдарда данагөй ақын халқының басынан өткен қиын-қыстау кезеңдерді өзінің де басынан кешіргенін, әрдайым еркіндікті, теңдікті көкसेгенін, сондай-ақ халқының тағдырын ақындық санамен саралаған. Ал соңғы жолдарда Аллахтың елшілеріне, қасиетті кітаптарына иман келтіретінін растайды.

1932 жылы желтоқсанда Заки Мүбәрак “Аполлон” журналында бірегей зерттеулер жариялады, онда Шауқи поэзиясындағы мақсатты даналық пен туа біткен даналық туралы әңгімеледі [11]. Шауқи поэзиясындағы алғашқы айқын құбылыс – оның барлық өлеңдері мен шумақтарынан даналықтың оғаштығын іздеу. Бұл құбылыс оның поэзиясында ғана емес, сонымен қатар жас кезінен бері қалыптасқан тұлғалық тенденциядан көрінеді. Ақынның ақылды болғаны жақсы, ал даналық алдын ала ойлап таппай өздігінен пайда болғанда, одан да көркем бола түседі. Шауқи даналықты дәріптеу үшін әңгіме стилін жиі қолданды. Мысал ретінде 1894 жылы Женевада өткен Оныншы Шығыс Конгрессіне арналып жазылған “Ніл алқабындағы ірі оқиғалар” поэмасын келтіруге болады. Бұл Шауқидің

Египетті, оның үкіметі мен халқын ескі өсиет дәуірінен бері сипаттайтын ұзақ өлең болды. Әңгімелер дәйекті түрде баяндалып, кейде бес тармақтан тұратын даналық ойларымен ерекшеленген [11].

Мысалы, ол перғауындардың билігі кезінде Мысыр халқының жағдайы туралы айтқан кезі:

ان ملكت النفوس فابغ رضاها فلها ثورة وفيها مضا
يسكن الوحش للوثوب من الأسر فكيف الخلائق العقاء
يحسب الظالمون أن سيسودون وأن لن يزيد الضعفاء
[1] والليالي جوانر مثلما جاروا وللدهر مثلهم أهواء

Халықты басқарам десең, ризашылығын ізде

Оларда намысқойлық пен өткірлік бар.

Жыртқыштай тұтқындалған пана ізде

Ақылды жаратылыста бір үміт бар.

Жауыздар билік құруды көздеп,

Әлсізге қамқор болмайды мүлдем.

Түндер өтуде бір-бірін іздеп,

Заманға рух бер, сен оны қолдап.

Өзінің әйгілі “قم للمعلم”, (“Мұғалімге тағзым ет”) қасидасында Шауқи қоғамдық білім шындығының көп өлшемді бейнесін ұсынады. Шығармада оның туған елінің балаларының ой-өрісінің дамуы тұрғысынан артта қалушылықты байқағандай, ескі мен жаңаның кіріктірілген ащы шындығы суреттеледі. Шауқи сонымен бірге өркениеттің күйреуін қазіргі жалпы жетістіктермен салыстырып, мысқылдайды және өткен кезеңдегі Мысырдың жетістіктерімен салыстырып, өлшейді:

قَمِّ لِلْمُعَلِّمِ وَفِيهِ التَّبَجِيلَا
أَعْلَمْتَ أَشْرَفَ وَأَجَلَّ مِنَ الَّذِي
سَبَحَانَكَ اللَّهُمَّ خَيْرَ مُعَلِّمٍ
أَخْرَجْتَ هَذَا الْعَقْلَ مِنْ ظُلُمَاتِهِ
إِنَّ الشَّجَاعَةَ فِي الْقُلُوبِ كَثِيرَةٌ
رَبُّوا عَلَى الْإِنصَافِ فَنَتَيَانِ الْحَمِي
فَهُوَ الَّذِي يَبْنِي الطَّبَاعَ قَوِيْمَةً
وَيَقِيْمُ مَنْطِقَ كُلِّ اعْوَاجٍ مَنْطِقًا

[12]

Мұғалімге тағзым ет

Мұғалімге тағзым еткін құрметпен,

Пайғамбар болуға ол аз-ақ қалды.

Мәртебелі жан бар ма одан артық,

Білім берер жалғанда ниетпенен.

Нұрын төгер баршаға ізетпенен,

Аллахым, шексіз мақтау саған ғана.
Ұстаздардың ұстазысың тек сен ғана
Адамзатқа үйреттің білмегенін
Жазуды да үйреттің оқуды да,
Сансыз шүкір жаратушым, саған ғана.
Ақыл-ойды құтқарып қараңғылықтан,
Жарық жолға бағыттадың біз ұққан
Жүректерде көп батылдык кездесер
Білім есігін ашайық алтын кілтпен.
Әділ тәрбие берейік ұрпақтарға,
Қорғасын деп біздерді бар қиындықтан.
Көркем мінез орнатар шәкіртіне,
Мұғалім – ол білім нұры әр сөзінде.
Үйретеді шәкірттерін туралыққа
Сарқылмас ілім жиған кеудесіне.

“Алты алаштың баласы қосылса, төр мұғалімдікі”, – деп Алаш қайраткері Мағжан Жұмабаев айтқандай, ұстаздың мәртебесі әрқашанда биік. Ахмед Шауқидің “Мұғалімге тағзым ет” қасидасының тереңіне үңілсек, қай заманда болсын ұстазға деген құрметтің жоғары болғанын байқаймыз. Ақын бұл жерде оқырманға мұғалімнің тұлғалық ерекшелігін айқындай келе, оның мәртебесінің биіктігі сондай, тіпті пайғамбар болуға сәл-ақ қалды деп ерекше сипаттау береді. Мұғалімнің зор тұлға екенін айта отырып, бірақ ең Ұлы Жаратушы Аллах екенін ұмытпауымыз керек деп ескертеді. Расында ^{الذي علم بالقلم} ағала бүкіл адамзатты жаратушы, Ұстаздардың Ұстазы. Осы жерде ақын Қасиетті Құран Кәрімнің сөздеріне оралады. “قلب ملع يذلا”, “Ол қалам арқылы үйретті” деген Әл-алақ сүресінің 4-аятын негізге ала отырып, Аллахтың Ұлылығын дәріптейді.

Бұл аяттың тәпсіріне тоқталар болсақ, “Ол адам баласына қаламмен жазуды үйретті. Бұл Аллах тағаланың ұлық нығметі. Қалам – білім мен ғылымның құралы. Қаламды айта отырып, адамзатқа білмеген дүниесін үйреткенін жеткізуде” [13].

Бұл жолдарды оқып, зерделеу арқылы ақынның даналығы мен діндарлығына айрықша көз жеткіземіз.

Шауқидің поэзиясы даналыққа, мейірімділікке, адалдыққа, жанашырлыққа толы. “Қызыл Жарты ай” өлеңінде: “Бұл өмірде асыл істер құрметке ие болған кезде, ол кітапқа айна-

лады, ал біздер оның негізіне айналамыз. Өмір – бұл бір күн немесе оның жарық сәулесі, сондықтан адам болып өмір сүр”, – дейді дана ақын [14].

Нәтижелер

Қазақ әдебиетінің классигі Абай Құнанбайұлы мен мысырлық “ақындар ханзадасы” Ахмед Шауқидің өлеңдерін мазмұндық талдау барысында қос ақынның шығармаларында терең даналық бар екеніне көз жеткіздік. Абай мен Шауқидың даналығы олардың данышпандық ойлары мен парасатты сөздерінде, олардың рухани байлығында, кемеңгерлігінде деп білеміз. Себебі қос ақын да үнемі заман құбылыстарымен, онда болып жатқан өзгерістермен бірге толысып, шығармаларында туған ел, туған жерге деген құрмет пен сүйіспеншіліктерін, халқының қуанышы мен қайғысын сезіне білген дара ақындар.

Зерттеу барысында Абай және Шауқи туралы ақын-жазушылардың ой-пікірлерін негізге ала отырып, қос ақынның таңдаулы шығармаларына талдау жасалынды. Абай мен Шауқи арасындағы рухани жақындық олардың шығармаларын зерделеу арқылы дәлелденді. Себебі олардың шығармаларындағы бір сарын, бір бағыт, ортақ мәселелер оқырманға ой салып, толғандырады сөзсіз. Ақындардың туындыларындағы тақырыптарды зерделей келе, ондағы даналықтың тереңдігін ұғынамыз.

Қорытынды

Қорыта келгенде, әлем таныған дана ақындар Абай және Шауқи шығармаларында тақырыбы жағынан да, ой жағынан да ерекше үндестік бар екеніне көз жеткіземіз. Ақындар өмір сүрген кезеңдегі қоғамдағы әртүрлі мәселелер мен діни көзқарастар олардың шығармаларынан көрініс тауып, оқырманды кемел болашаққа, білімге, талпынысқа, көркем мінез-құлыққа, адамгершілікке баулиды. Қос ақынның шығармаларына мазмұндық талдау жасалумен қатар, олардың басты тақырыптары талданды. Абай да Шауқи да өз замандарының дана тұлғалары болғандықтан,

олардың туындыларындағы рухани жақындық пен байланыс тақырыптағы басты мәселелердің бірі боп табылады.

Өз Отанын, халқын, дінін жырлаған адамның поэзиясында көптеген дана сөздер, кеңестер мен нақылдар болғандығы таңқаларлық емес. Абай мен Шауқи философиясы – гүлдену даналығы; бұл жарқын, әсем философия, онда бұлыңғыр, қатандық, қиындық немесе

кедергілер жоқ. Керісінше, бұл жарқын доктрина және тиісті қажеттілік секілді, ол терең талдау кезінде көрінбейді, керісінше барлық адамға және әртілде сөйлейтіндер үшін ортақ ілім. Абай да, Шауқи да бұл даналықты бір немесе бірнеше бағытқа салды, сондықтан ол керемет гүлдену арасындағы керемет жеміс іспетті көрінді, ал ақындардың поэзиясы ақыл-ойды нәрлендіріп, жүректі сусындатты.

Әдебиеттер тізімі

1. أحمد شوقي. الشوقيات. – بيروت: دار الكتب العلمية. 2001. – 6-111ص.
2. القرآن الكريم. – المدينة المنورة: فهد. 1991. – 20-87ص.
3. Әуезов М. Абай Құнанбаев. Мақалалар мен зерттеулер. – Алматы, 1967. – 171 б.
4. الرفاعي م. من وحي القلم. الجزء 3. – بيروت: المكتبة العصرية. 2001. – 279ص.
5. جبري ش. دراسة عن شوقي. – دمشق: دار قنينة للطباعة و النشر. 1997. – 9ص.
6. عبيد أ. ذكرى الشاعرين. – بيروت: عالم الكتب. 1933. – 495ص.
7. Абай жырларындағы заманның көріністері [Электрон.ресурс]. – 2020. – URL: <https://abaialemi.kz/kz/post/view?id=18492020.htm> (қаралған күні: 12.04.2021).
8. Құнанбайұлы А. Өкінішті көп өмір кеткен өтіп.....Өлеңдер, поэмалар, қара сөздер. – Алматы: Раритет, 2011.
9. Палтөре Ы. Абайдың «Әсемпаз болма әрнеге» деген өлеңінің мәтініне Құран және хадис мәтіндері аясында талдау // ҚазҰУ хабаршысы, Шығыстану сер. – 2012. - №4. – 100 б.
10. عبد الفتاح أ. شخصيات الادبية. – حوالی: مكتبة ابن كثير. 1998. – 84ص.
11. مبارك ز. أحمد شوقي. بيروت: دار الجيل. 1988. – 371-371ص.
12. ارسلان ش. شوقي أو صداقة أربعين سنة. الشوف: الدار التقدمية. 2009. – 86ص.
13. Құнанбай мен Абай [Электрон.ресурс]. – 2016. – URL: <http://mazhab.kz/kk/maqalalar/din-men-dastur/qunanbai-men-abai-27632016.htm> (өтініш берілген күні: 17.10.2021).
14. شوقي ضيف. شوقي شاعر العصر الحديث. القاهرة: الهيئة المصرية العامة للكتاب. 2010. – 78ص.

References

1. Shawki A. Al-shawqiat - poems (Dar al-kutub al-elmiya, Beirut, 1998, 6-111 p.). [الشوقيات]
2. Koran Kareem (Fakhd , Medina, 1991, 20-87 p.).
3. Auevov M. Abay Kunanbayev. Makalalar men zertteuler [Abay Kunanbayev. Articles and researches] (Almaty, 1967, 171 p.).
4. Al-Rafii M. Inspired by the pen. 3-th section (Al-Maktaba Al-Asriya, Beirut, 2001, 279 p.).
5. Jebri, Sh. Study on Shawki (Dar Qutaybah, Damascus, 1997, 9 p.).
6. Ubeyid A. Zikra al-Sha'irayn [A memory of two poets] (Alam Al-Kutub, Beirut, 1933, 495 p.).
7. Abay jyrlyryndagy zamannyn korinisteri [Scenes of the time in the poems of Abay] – 2020. Available at: <https://abaialemi.kz/kz/post/view?id=18492020.htm> (Accessed: 12.04.2021).
8. Kunanbayuly A. Okinishti kop omir ketken otip [It's a pity that so many lives have passed] (Raritet, Almaty, 2011).
9. Paltore Y. Abaydyn «Asempaz bolma arnege» degen oleninin matinine Kuran jane hadith matinderi ayasynda taldau [Analysis of the text of Abai's poem «Do not be greedy» in the context of the texts of the Koran and the hadith, KazUU habarshysy, Shygystanu ser [KazNU Bulletin, Oriental series, 4, 100 (2012)].
10. Abdel-Fattah A. Literary characters (Maktabat Ibn Kathir, Hawalli, 1998, 84 p.).
11. Mubarak Z. Ahmad Shawki (Dar Al-Jeel, Beirut, 1988).
12. Arsalan Sh. Shawki and friendships for forty years] (Al-Dar al-Taqaaddumiyah, Al-Shouf, 2009, 86 p.).

13. Qunanbay and Abay – 2016. Available at: <http://mazhab.kz/kk/maqalalar/din-men-dastur/qunanbai-men-abai-2763> 2016.htm (Accessed:17.10.2021).
14. Daif Sh. Shawki the poet of modern era (Al-Hai'a Al-Masriya Al-Amma lil Kitab, Cairo, 2010, 78 p.).

Р.С. Кожобекова

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Мудрость в произведениях Абая и Шауки

Аннотация. В статье анализируется тема мудрости в творчестве основоположника казахского литературного языка поэта Абая Кунанбаева и основоположника современной арабской литературы поэта Ахмеда Шауки. В ходе анализа рассматриваются основные вопросы, темы, выводы и мнения о произведениях поэтов. Произведения Абая изучались в оригинале, а произведения Шауки были переведены с арабского языка на казахский. В ходе исследования были учтены мнения и исследования по произведениям Абая «Будь разборчив», «Учитель никогда не устает», «Я не думал о знании, как был молодым» и произведениям Шауки «Возвращение на родину», «Важнейшие события в долине Нила», «Поклон учителю», сделаны выводы по ним. В творениях Абая и Шауки предстают всевозможные грани их мировоззрения, ярко проявляются художественные особенности. Они остаются поэтами, которые всегда ищут истину и мудрость, имеют широкий спектр идей и мнений и хотят обладать лучшими качествами, данными Создателем.

Ключевые слова: Абай, Ахмед Шауки, мудрость, поэзия, методы сравнения

R.S. Kozhabekova

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

Wisdom in the works of Abay and Shawki

Abstract. The article analyzes the theme of wisdom in the works of the founder of the Kazakh literary language, the poet Abay Kunanbayev and the founder of modern Arabic literature, the poet Ahmed Shawki. The analysis examines the main issues, themes, conclusions, and opinions about the works of poets. Abay's works were also studied directly and Shawki's works were translated from Arabic into the Kazakh language. The study considered opinions and studies on the works of Abay's «Be picky», «The teacher never gets tired», «I didn't think about knowledge as I was young» and Shawki's «Return to the Motherland», «The most important Events in the Nile Valley», Bow to the Teacher» and conclusions were drawn. The works of Abay and Shawki try to reveal all kinds of meanings of their souls, and their artistic features are vividly reflected everywhere. They remain wise poets who are always looking for truth and wisdom, have a wide range of ideas and opinions, and want to have the best qualities given by the Creator.

Keywords: Abay, Ahmad Shawki, wisdom, poetry, comparison methods.

Автор туралы мәлімет:

Кожобекова Р.С. – PhD докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасы, Шығыстану факультеті, Қарасай Батыр көш., 95 А, Алматы, Қазақстан.

Kozhabekova R.S. – Ph.D. student, Al-Farabi Kazakh University, Department of Middle East and South Asia, Oriental Faculty, Karassay Batyr str., 95A, Almaty, Kazakhstan.